

## **ҰБТ-мен өмір тоқталмайды**

Қазіргі таңда көптеген оқушылар үшін ҰБТ ең үлкен сынақ сияқты көрінеді. Расында, әркім жақсы балл алып, грантқа түсуді армандайды. Бірақ кейде адамдар ҰБТ-ны өмірдің соңғы мүмкіндігіндей қабылдап кетеді. Менің ойымша, ҰБТ маңызды болғанымен, онымен өмір тоқтап қалмайды.

Кейбір оқушылар төмен балл алып қалса, өзіне деген сенімін жоғалтып жатады. Тіпті болашағым бітті деп ойлайтындар да бар. Бірақ адамның тағдырын бір ғана тест шешпейді. Өмірде мүмкіндік өте көп. Ең бастысы – адамның талпынысы мен еңбегі.

Қазір түрлі мамандықтарды меңгеруге, өзінді дамытуға барлық жағдай бар. Кей адамдар ҰБТ-дан жоғары нәтиже алмаса да, кейін өмірде үлкен жетістікке жетіп жатады. Себебі жетістік тек бағаға емес, адамның мінезіне, еңбекқорлығына және мақсатына байланысты.

ҰБТ – өмірдің бір кезеңі ғана. Ол уақытша сынақ. Сондықтан қандай нәтиже болса да, өзіңе сенуді тоқтатпау керек. Әр адамның өз жолы, өз бақыты бар.

Қорытындылай келе, ҰБТ маңызды болғанымен, ол бүкіл өмірді анықтамайды. Ең бастысы – алға ұмтылып, ешқашан берілмеу. Өйткені өмір бір емтиханмен тоқтап қалмайды.